

Г.Я.Амандыкова¹

*¹ф.ғ.к., Халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы
Сорбонна-Қазақстан институты, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан*

ФРАНЦУЗ ТІЛІ - ДИПЛОМАТИЯ МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТІЛІ: ТАРИХИ МҰРАСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада француз тілінің халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлі қарастырылады. Автор француз тілінің Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропалық Одақ (ЕО) және Франкофония ұйымындағы ресми тіл ретіндегі маңызын талдай отырып, оның дипломатия саласындағы тарихи және заманауи қызметіне назар аударады. Зерттеу барысында тіл мен халықаралық қатынастар арасындағы өзара байланыс ашылып, болашақ дипломаттар мен халықаралық мамандарды даярлау үдерісінде француз тілін оқытудың өзектілігі негізделеді.

Түйінді сөздер: француз тілі, халықаралық қатынастар, дипломатия, БҰҰ, ЕО, Франкофония, тілдік білім, мәдениетаралық коммуникация.

Амандыкова Г.Я.¹

*¹к.ф.н., старший преподаватель кафедры Международных отношений
Института Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им.Абая*

ФРАНЦУЗСКИЙ ЯЗЫК КАК ЯЗЫК ДИПЛОМАТИИ И МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ: ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ И СОВРЕМЕННОЕ ЗНАЧЕНИЕ

Аннотация

В данной статье рассматривается роль французского языка в системе международных отношений. Автор анализирует значение французского языка как официального в таких международных организациях, как Организация Объединённых Наций (ООН), Европейский Союз (ЕС) и Международная организация Франкофонии, а также уделяет внимание его исторической и современной роли в дипломатии. В ходе исследования раскрывается взаимосвязь между языком и международными

отношениями, обосновывается актуальность преподавания французского языка при подготовке будущих дипломатов и специалистов в области международных отношений.

Ключевые слова: французский язык, международные отношения, дипломатия, ООН, ЕС, Франкофония, языковая подготовка, межкультурная коммуникация.

Amandykova G.Ya.¹

¹ c.of phil.sciences, senior lecturer at the Department of International Relations

Institute Sorbonne-Kazakhstan, Abai KazNPU

THE FRENCH LANGUAGE AS THE LANGUAGE OF DIPLOMACY AND INTERNATIONAL RELATIONS: HISTORICAL LEGACY AND CONTEMPORARY RELEVANCE

Abstract

This article explores the role of the French language within the system of international relations. The author analyzes its importance as an official language in major international organizations such as the United Nations (UN), the European Union (EU), and the Organisation Internationale de la Francophonie, while also highlighting its historical and contemporary significance in diplomacy. The study emphasizes the interconnection between language and international relations and substantiates the relevance of French language instruction in the training of future diplomats and international affairs specialists.

Keywords: French language, international relations, diplomacy, UN, EU, Francophonie, language education, intercultural communication.

Француз тілі халықаралық қатынастар саласында ерекше орынға ие, бүгінгі таңда тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, мемлекетаралық байланыстардың, мәдени ықпалдастықтың және халықаралық ынтымақтастықтың маңызды тетігіне айналды. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропалық Одақ, Франкофония сияқты халықаралық ұйымдарда ресми тіл

ретінде қолданылатын француз тілі дипломатия, құқық, мәдениет және халықаралық келіссөздерде үлкен рөл атқарады.

Француз тілі Біріккен Ұлттар Ұйымының ағылшын, араб, қытай, испан, орыс тілдерімен бірге ресми тілінің бірі болғандықтан, ұйым ішіндегі ресми құжаттарды дайындауда, баяндамалар мен келіссөздерде кеңінен қолданылады. Франция - БҰҰ-ның құрылтайшы мемлекеттерінің бірі болғандықтан, оның тілі ұйым жұмысының басынан бастап маңызды рөл атқарған. [1]

Еуропалық Одақтағы ресми тілдердің саны көп болғанымен, француз тілі еуропалық институттар мен мекемелерде қолданылатын негізгі жұмыс тілдерінің бірі. Еуропалық Одақтың кейбір құрылымдары, мысалы, Еуропалық Одақ Кеңесі [2], өз құжаттарын француз тілінде дайындайды, сонымен қатар, Франция мен Бельгияның ЕО-дағы белсенді мүшелігі бұл тілді айрықша өзекті етеді.

Халықаралық Франкофония ұйымы [3] француз тілінде сөйлейтін мемлекеттер мен аймақтарды біріктіретін бірегей ұйым. Оның негізгі мақсаты - француз тілін насихаттау, мәдени әртүрлілікті сақтау және халықаралық ынтымақтастықты нығайту. Қазақстан 2008 жылдан бастап Франкофония ұйымының бақылаушысы мәртебесінде жұмыс істейді. Бұл елде француз тілінің таралуына және мәдениетаралық диалогтың дамуына үлес қосады.

Тіл - халықтың рухани байлығы ғана емес, халықаралық қатынастарда елдің саяси ықпалын танытатын құрал. Көп ғасырлық тарихы бар француз тілі халықаралық дипломатияда ерекше рөл атқарып, "дипломатия тілі" деген мәртебеге ие болған. Бұл атау кездейсоқ берілген емес. Оның астарында тарихи, саяси, мәдени және тілдік факторлар жатыр. Бұл мақалада француз тілінің дипломатиялық қатынастардағы орны мен маңызына, сондай-ақ осы мәртебеге қалай ие болғанына тоқталамыз.

Тарихи алғышарттарын қарастырсақ, Француз тілінің халықаралық дипломатия тіліне айналуы XVII-XIX ғасырлардағы Еуропадағы геосаяси өзгерістер мен Францияның беделінің күшеюімен тығыз байланысты. Людовик XIV дәуірінде Францияның саяси және мәдени ықпалы Еуропаның көптеген өңірлерін қамтыды. Соның нәтижесінде француз тілі дипломатияда, сондай-ақ Ресей, Австрия мен Пруссия сияқты мемлекеттердің ақсүйектер ортасында ресми және бейресми қатынас тілі ретінде кеңінен қолданыла бастады [4].

XVIII ғасырдан бастап бірқатар ірі халықаралық келісімдер француз тілінде жасалды. Солардың бірі - 1714 жылғы Раштадт келісімі, ол француз тілінде ресімделген алғашқы ірі келісімдердің қатарында саналады. Бұл үрдіс XIX ғасырда одан әрі жалғасып, 1815 жылғы Вена конгресінде француз тілі халықаралық конференциялардың ресми тілі ретінде мойындалды [5]. Бұл тарихи кезеңдер француз тілінің дипломатиялық аренада жетекші тілге айналуына берік негіз қалады.

Көптілділікті талап ететін қазіргі әлемде Францияның дипломатиялық мектебінің мәдени ықпалы тұрақты. Француз тілінің лексикалық және құрылымдық ерекшеліктеріне тоқталсақ, француз тілінің дипломатия саласында кеңінен қолданылуына оның құрылымдық дәлдігі мен формалдылығы да әсер етті. Бұл тілде мағынасы нақты әрі түсінікті болатын құқықтық терминология жақсы дамыған, формалды сөйлеу стилі кең таралған, келіссөздер жүргізуге, келісімдер жасауға бейімделген сыпайы, бейтарап тілдік формалар қалыптасқан.

Дипломатияда тілдің бейтараптығы мен нақтылығы аса маңызды. Француз тілі осы талаптарға сай келетін, эмоциядан ада, нақты ойды жеткізетін тіл болып табылады. Сондықтан ол халықаралық келісімдерде жиі қолданылды.

Халықаралық ұйымдардағы ресми мәртебесі өте жоғары, француз тілі бүгінгі таңда да көптеген халықаралық ұйымдарда ресми немесе жұмыс тілі ретінде қолданылады. Атап айтқанда, Біріккен Ұлттар Ұйымында, сонымен бірге Еуропалық Одақтың ресми жұмыс тілі, халықаралық Франкофония ұйымының негізгі тілі, халықаралық Қызыл Крест, Олимпиада комитеті, ЮНЕСКО сынды басқа да ұйымдарда француз тілі белсенді түрде пайдаланылады.

Бұл ұйымдардағы дипломатиялық хат-хабарлар, келісімдер, баяндамалар және аудармалар француз тілінде де жүргізіледі. Осылайша, тілдің халықаралық құқық пен саясаттағы ықпалы әлі де сақталып отыр.

Франция - кәсіби дипломатияны жүйелі түрде дамытып, арнайы оқу орындары арқылы дипломаттар дайындауды ерте бастаған елдердің бірі. *École Nationale d'Administration* сынды беделді оқу орындары француз тілінің дипломатия саласындағы орнын нығайта түсті.

Сонымен қатар, Франция өзінің тілі мен мәдениетін тарату арқылы жұмсақ күш саясатын белсенді жүргізіп келеді, мәдени ықпал, франкофония институттары, тіл курстары, халықаралық білім беру бағдарламалары - бұлардың барлығы француз тілінің әлемдік дипломатиядағы орнын сақтап тұруға қызмет етеді.

Француз тілінің рөлі мен маңыздылығын баса айта кету керек, қазіргі кезде ағылшын тілі халықаралық қатынастарда басымдыққа ие болғанымен, француз тілі өзінің тарихи беделі мен институционалдық орнының арқасында әлі күнге дейін маңызды тілдердің бірі болып отыр. Көптеген елдерде, соның ішінде Қазақстанда да, халықаралық қатынастар мамандығы бойынша білім алатын студенттерге француз тілі екінші шет тілі ретінде, ал Абай университетінің Сорбонна-Қазақстан институтында бірінші шет тілі ретінде оқытылады. Өйткені, халықаралық ұйымдарда жұмыс істеуді мақсат тұтатын жастар үшін француз тілін меңгеру артықшылық қана емес, талап та болуы мүмкін.

Француз тілінің "дипломатия тілі" атануы - бұл кездейсоқтық емес, ғасырлар бойғы тарихи дамудың, саяси ықпалдың, мәдени үстемдіктің және

тілдің құрылымдық ерекшеліктерінің нәтижесі. Бүгінгі күннің өзінде француз тілі дипломатиялық келіссөздер мен халықаралық қатынастардың маңызды құралы ретінде өз рөлін сақтап отыр. Сондықтан бұл тілді меңгеру - халықаралық сахнада бәсекеге қабілетті, кәсіби маман болудың маңызды алғышарттарының бірі. Француз тілінің дипломатиялық артықшылықтары формалды және нақтылықты талап ететін құрылымымен ерекшеленеді. [6], [7], [8]

Халықаралық құқық пен дипломатиялық терминологияның көпшілігі француз тілінде қалыптасқан. Париждегі ЕНА сынды көптеген дипломатиялық оқу орындарында француз тілі негізгі оқыту тілі ретінде қолданылады.

Француз тілі - грамматикалық күрделілігімен және фонетикалық ерекшеліктерімен танымал. Халықаралық қатынастар мамандарын даярлау барысында бұл тілді оқытуда мынадай факторларды ескере отырып, жалпы тіл үйретумен қатар, халықаралық құқық, дипломатия, саясат, экономика сияқты салалық лексиканы меңгерту маңызды, мысалы, дипломатиялық хаттар жазу стилін, келіссөз жүргізу терминдерін, ресми баяндамалар құрылымын оқыту - болашақ мамандар үшін аса қажет.[8]

Француз тілін меңгеру - Франция мен франкофон елдерінің мәдениетін, тарихын және менталитетін білуді де талап етеді, себебі, халықаралық қатынастарда тілдік қателіктер ғана емес, мәдени түсінбеушіліктер де үлкен рөл ойнайды.[9]

Құжаттармен жұмыс жасау дағдыларын дамыту мақсатында студенттер БҰҰ, ЕО, Франкофония сияқты ұйымдардың француз тіліндегі құжаттарымен жұмыс істеуге машықтануы, нақты кәсіби лексиканы меңгерудің тиімді жолы болғандықтан, сондай-ақ, аударма және реферат жазу дағдыларын дамыту қажет.[10]

Белгілі бір пән саласында тіл меңгеру мақсатымен цифрлық ресурстарды пайдалану француз тілін үйренуде заманауи әрі тиімді әдістердің бірі ретінде танылып келеді. Қазіргі таңда мобильді қосымшалар, онлайн платформалар, интерактивті сабақтар мен бейнематериалдар тіл үйренушілерге кең қолжетімді ресурстар оқушылардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді, оған қоса, цифрлық технологиялар арқылы мәдениетаралық коммуникацияны да тереңірек түсінуге жағдай жасалады. Осындай әдістер француз тілін меңгеру процесін жеңілдетіп, оқуға деген мотивацияны арттырады, онлайн платформалар, мобильді қосымшалар, подкасттар, халықаралық жаңалықтар және бейне дәрістерді пайдалану арқылы тілді меңгеру тиімділігі артады. [11]

Халықаралық қатынастар мен халықаралық құқық саласындағы заманауи зерттеулер мен ақпарат көздері ретінде БҰҰ ресми сайты, еуропадағы адам құқықтары және заң үстемдігі бойынша ұйымның халықаралық құқық және демократия принциптерін айқындайтын құжаттар

сайты Еуропа Кеңесі және халықаралық құқыққа қатысты шешімдер жарияланатын, конституциялық құқық және халықаралық құқық саласындағы халықаралық академиясы сайты Халықаралық соттың, халықаралық құқықтың негізгі органы, істер, шешімдер мен баяндамалар жарияланатын ICJ сайты [12], ЕО сыртқы саясат және халықаралық қатынастар туралы ресми ақпарат, халықаралық қатынастар, дипломатия және құқық саласындағы зерттеулер мен мақалалар ресурстары кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, IFRI [13] мен Le Grand Continent [14] платформалары халықаралық қатынастар мен геосаясат саласындағы зерттеулер, аналитикалық материалдары бар геосаясат пен дипломатия тақырыптарына аналитикалық тұрғыдан кеңінен ақпарат беретін ресурстар тілді әрі кәсіби, әрі күнделікті деңгейде үйренуге көмектеседі.

Демек, француз тілі - халықаралық қатынастарда, әсіресе көпжақты дипломатия саласында маңызы зор тілдердің бірі болып табылады. [15] Оның Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропалық Одақ (ЕО), Франкофония сияқты ірі халықаралық ұйымдардағы ресми тіл ретіндегі қолданылуы француз тілінің дипломатиялық және саяси аренадағы ерекше орнының айғағы. [16], [17], [18]

Бұл жағдай француз тілін меңгерген мамандарға сұраныстың үнемі жоғары болатынын дәлелдейді. Сонымен қатар, француз тілінің халықаралық қатынастар саласындағы рөлі оның тарихи мұрасына негізделі отырып, қазіргі жаһандық саясат пен мәдениетаралық коммуникацияның маңызды құралы ретінде сақталуда. Осылайша, француз тілін терең меңгеру болашақ дипломаттар мен халықаралық қатынастар мамандарының кәсіби біліктілігін арттырып, олардың халықаралық аренада тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. *ONU - Organisation des Nations Unies) ONU, 2025 www.un.org*
2. *Conseil de l'Europe (Еуропа Кеңесі), 2025 europa.eu*
3. *Organisation Internationale de la Francophonie - www.francophonie.org*
4. *Offord, D., Argent, G., & Rjeoutski, V. The French Language in Russia: A Social, Political, Cultural, and Literary History. Liverpool University Press. 2018, <https://muse.jhu.edu/pub/315/monograph/chapter/2325760>*
5. *U.S. Department of State. Foreign Relations of the United States: The Paris Peace Conference, 1919. <https://history.state.gov/historicaldocuments/frus1919P/arisv01/d346fn33>, 2025*
6. *Киселева, Н. А. Дипломатия и язык: Французский язык как язык международных отношений. Москва, 2018, МГИМО-Университет*

7. Cortese, G. *Diplomatic Language and Communication: The Role of French in International Relations*. 2016.
8. Stokopenov, P. *The role of the French language in the world. Innovation in the Modern Education System*, 2022, 3(26).
9. Сайрамбаева Ж.Х. «Француз тілі мен халықаралық қатынастар: теория мен практика» // *Халықаралық қатынастар журналы*, 2022.
10. Абдрахманова А.С. «Кәсіби француз тілі: Оқыту әдістемесі», Алматы, 2021.
11. Назарбаева, Д. С. *Халықаралық қатынастар жүйесіндегі шет тілдерінің рөлі: Теория және тәжірибе*. Алматы, 2021, Қазақ университеті.
12. Institut français des relations internationales (IFRI)
13. International Court of Justice, ICJ, 2025 <https://www.ifri.org/fr>
14. Le Grand Continent <https://legrandcontinent.eu/>
15. Сайрамбаева, Ж. Х. *Француз тілі және дипломатия: тарихы мен қазіргі кезеңі*. // *Тіл және қоғам*, 2020, №4, 55–60-б.
16. Organisation internationale de la Francophonie, 2024, *La langue française dans le monde*. <https://www.francophonie.org>
17. United Nations, 2024 *Official Languages*. <https://www.un.org/en/about-us/official-languages>
18. Мусиол, М. *Французский язык в международных организациях: статус и перспективы*. // *Международные отношения*, 2019, №2, с. 78–84.